

ПАВЛОДАР
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКІМАТ
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТИ

КАХАДЫ


ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Павлодар қаласы

Город Павлодар

№16 қазықашық 2015

Білім беру саласындағы
мемлекеттік қызмет көрсету
регламенттерін бекіту туралы



Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірігі «Мемлекеттік
көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес
Павлодар облысының әкімдігі **КАХАДЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:
- 1) «Қорғаныштық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру»;
- 2) «Жетім балалар (жетім балаларға) және ата-анасының қамқоршылығына
калған балалар (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаныштық белгілеу»;
- 3) «Ырыңтай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті
жинақтаушы зейнетақы қорына, банктерге, ішкі істер органдарына кәмелетке
толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға
мұра рәсімдеу үшін анықтамалар беру»;
- 4) «Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен
жасалатын мәмілелерді рәсімдеу үшін қорғаныштық немесе қамқоршылық
бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын
беру»;
- 5) «Шағатайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы
білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауы ұсыну»;
- 6) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен
тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдіктен
тамақтандыруды ұсыну»;
- 7) «Қамқоршыларға немесе қорғанышларға жетім баланы (жетім
балаларды) және ата-анасының қамқоршылығына калған баланы (балаларды)
асырап-бағуға жәрдемдеу тағайындау»;
- 8) «Баланы (балаларды) патронаждық тәрбиелеуге беру»;
- 9) «Патронажд тәрбиеленушілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға
ақшалай қаражат төлеуді тағайындау»;
- 10) «Бала асырап алуға тиік бірлігінен аландарды есепке қою»;

- 1) «Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау»;
- 12) «Аз қамтылған отбасылардағы балаларды қала сыртындағы және
мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және
жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін.
2. «Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі
заңнамамен белгіленген тәртіппе:
 - осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін
он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет»
ақпараттық-құқықтық жүрсінінде ресми жариялауға жіберілуін;
 - осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында
орналастыруды қамтамасыз етсін.
 - 3. Павлодар облысы әкімдігінің осы қаулының қосымшасына сәйкес
кейбір қаулыларының күші жойылған деп танылсын.
 - 4. Осы қаулының орындалуын бақылау облысы әкімінің орынбасары
Ф.К. Сәдібековке жүктелсін.
 - 5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.



Облыс әкімі

К. Бозымбаев

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ
Күрсі № 4276
2015 ж. 22.07

010746-

873. 29.07.15